Yurtdışı Danışmanı, Ankara Hacı Bayram Veli Üniversitesi Profesör Doktoru Naciye Yıldız

REFERANS MEKTUBU

Doktora Tezi: Kazak Halk Masallarının Dünya Dilindeki İmajı

Doktora Öğrencisinin Adı: Nurbekov Talgat Baltabekoviç

Bölümü: 8D02307 – Kazak Filolojisi

Talgat Baltabekovich'in önerdiği tez konusu "Kazak halk masallarının dünya dilindeki imajı"dir. Araştırma konusu "Kazak halk masallarının dünya dili imajı", dilbilim ve kültürlerarası iletişim alanındaki güncel konulardan birine ayrılmıştır. Yazarın tezinde Kazak halk masallarının dilsel, kültürel ve bilişsel yapıları kapsamlı bir şekilde ele alınmakta ve dünya dili imajıyla ilişkileri bilimsel olarak kanıtlanmaktadır. Araştırmanın kapsamı ve yeniliği, teorik önemi ve pratik değeri, tezin konuyla ilgili ve değerli bir çalışma olduğunu kanıtlamaktadır.

Araştırmacı, eseri yazarken Kazak ve İngiliz dillerinde yazılan gerekli literatürün yanı sıra, verilen konuyla ilgili Rusça ve Türkçe kitap ve monografileri de okumuştur. Doktora öğrencisi, bilimsel staj programı kapsamında Ankara'daki Hacı Bayram Veli Üniversitesi'nin kütüphane fonunu etkin bir şekilde kullanmıştır. Talgat Baltabekovich, Hacı Bayram Veli Üniversitesi'nde yabancı bilimsel danışmanı Prof. Dr. Naciye Yıldız' hocadan teziyle ilgili çeşitli fikir alışverişinde bulundu ve açıklamalı bir bibliyografik liste hazırladı. Bu durum tezin araştırma işini kolaylaştırdı.

Araştırma makalesi Kazak ulusunun dünya görüşünü, geleneklerini, ulusal değerlerini ve hayata karşı tutumlarını özetlemektedir. Modern küreselleşme koşullarında masallar da dâhil olmak üzere folklor, ulusal kültürel kimliğin korunmasında önemli bir rol oynamaktadır. Bu bakımdan masalların sadece edebi bir miras değil, aynı zamanda halkımızın bilişsel doğasını, düşünme özelliklerini ve dünya algı modelini ortaya koyan evrensel bir dil sembolleri sistemi olduğunu da göstermektedir. Yazar, eserinde bu konuları ayrıntılı olarak ele almakta ve bunları teorik ve metodolojik olarak kanıtlamaktadır.

Araştırmanın temel amacı Kazak halk masallarının dünya bağlamındaki dilsel görünümünü ele alarak genel insani ve milli-kültürel karakterini tespit etmektir. Bu hedefe ulaşmak için aşağıdaki kriterler ön plana çıkmaktadır:

• Kazak halk masallarında dünyanın dilsel imajının/görünümün ana bileşenlerini tanımlamak;

• Masallardaki kavram ve sembolik değerler sisteminin dilsel ve kültürel açıdan analizi;

• Kazak masallarının dünya folkloruyla benzerliklerini veya farklılıklarını tarihi ve kültürel bağlamda incelemek;

• Elde edilen araştırma sonuçlarının teorik ve pratik önemini kanıtlamak.

Araştırma çalışması giriş, ana bölümler, sonuç ve kaynakça listesinden oluşmaktadır. Giriş, araştırmanın konusunu, amaçlarını ve hedeflerini, bilimsel yeniliği, teorik ve pratik önemi, hakkında önerilen sonuçları içerir. Ana bölümlerde teorik konumlardan hareketle Kazak halk masallarının küresel dilsel imajı kapsamlı bir şekilde analiz edilmektedir. Sonuç bölümünde elde edilen sonuçlar özetlenmiş, gelecekteki araştırmalara yönelik temel öneriler ve yönelimleri belirlenmiştir.

Tezin yazma sürecinde yazar, dilbilim, etnodilbilim, folklor bilimi ve bilişsel dilbilim alanlarındaki yerli ve yabancı bilimsel çalışmalardan geniş ölçüde yararlanmış, karşılaştırmalı-tarihsel, anlamsal, metinlerarası analiz yöntemlerini rasyonel olarak kullanmıştır. Araştırma metodolojisi, tezin amaç ve hedeflerine uygun olarak, elde edilen sonuçların tutarlılığı ve güvenilirliği sağlanacak şekilde seçilmiştir.

Tez çalışması sistematik bir şekilde yazılmıştır, bölümlerde verilen örnekler ve sonuçlar birbirini tamamlar niteliktedir. Doktora öğrencisi, bilim adamlarının Kazak, Rus ve İngiliz dillerindeki eserlerinden yararlanmış ve onların görüşlerinden faydalanmıştır. Genel olarak, "Kazak Halk Masallarının Dünya Dil İmajı" adlı doktora tezinin, konuyu ve önemini tam olarak ortaya koyan teorik temelli ve yöntemsel olarak yetkin bir çalışma olduğunu belirtmek isterim. Bilimsel çalışmanın yapısı, mantıksal bir sistem korunarak belirlenen amaç ve hedeflere uygun olarak gerçekleştirilir. Yazarın araştırmasının analitik, karşılaştırmalı ve yorumlayıcı sonuçları, Kazak ve dünya filolojisi alanındaki bilimsel alana özel bir katkı sağlamaktadır.

Tezin ana bulgularının yükseköğretim kurumlarında öğretim sürecinde yaygın olarak kullanılmasının yanı sıra Kazak folkloru ve dil kültürünün daha da geliştirilmesine de sağlayacağına şüphe yoktur.

Talgat Baltabekovich'in çalışması doktora tezinin gerekliliklerini karşılıyor. Araştırma çalışması akademik dilde yazılmıştır ve bilimsel, metodolojik ve teorik temellere sahiptir. Bu çalışma tamamlanmış çalışma olarak kabul edilir. Tez, araştırma çalışmalarının geniş bir bibliyografyasını içermektedir. Doktora öğrencisinin vardığı sonuçlar bilimsel sonuçlara dayanmaktadır ve belirli örneklerle görüş ve önerilerini ifade etmektedir. Kanaatimizce bilimsel çalışmaya akademik çalışma olarak kabul edilmesi gerekmektedir. Bu nedenle söz konusu tezin Doktora derecesi unvanına bilimsel açıdan tam anlamıyla layık olduğunu ve savunmaya gönderilmesi gerektiğini düşünüyorum.

Saygılarımla,
Ankara Hacı Bayram Veli Üniversitesi,
Prof. Dr. Naciye Yıldız



Шетелдік ғылыми кеңесші, Хаджи Байрам Вели университетінің профессоры, доктор Наджие Йылдыздың

ПІКІРІ

PhD докторлық диссертацияның тақырыбы: Қазақ халық ертегілерінің әлемдік тілдік бейнесі

PhD докторанттың аты-жөні: Нурбеков Талгат Балтабекович

Мамандығы: 8D02307 – Қазақ филологиясы

Талгат Балтабековичтың ұсынып отырған диссертациясының тақырыбы: «Қазақ халық ертегілерінің әлемдік тілдік бейнесі». «Қазақ халық ертегілерінің әлемдік тілдік бейнесі» атты зерттеу тақырыбы бүгінгі тіл білімі мен мәдениетаралық коммуникация саласындағы өзекті мәселелердің біріне арналған. Автор диссертациясында қазақ халық ертегілерінің тілдік, мәдени және танымдық құрылымдарын кешенді түрде қарастырып, олардың әлемдік тілдік бейнемен өзара сабақтастығын ғылыми негізде дәлелдеп отыр. Зерттеудің ауқымдылығы мен жаңашылдығы, теориялық маңыздылығы мен практикалық құндылығы диссертацияның өзекті әрі құнды еңбек екендігін айғақтайды.

Ізденуші жұмысты жазу барысында, қазақ және ағылшын тілдеріндегі қажетті әдебиеттерді, сондай-ақ, берілген тақырып бойынша орыс, түрік тілдеріндегі кітаптар мен монографияларды оқып шықты. Ғылыми тағылымдама бағдарламасы аясында докторант Анкара қаласы (Түркие) Хаджи Байрам Вели университетінің кітапхана қорын тиімді пайдаланды. Талгат Балтабекович Хаджи Байрам Вели университетінде өзінің шетелдік ғылыми кеңесшісі Наджие Йылдыздан кеңес алып, зерттеу еңбегін жеңілдету мақсатында аннотацияланған библиографиялық әдебиеттер тізімін жасады.

Зерттеу жұмысында ұлттың дүниетанымы, салт-дәстүрі, ұлттық құндылықтары мен өмірге деген көзқарастары жинақталған. Қазіргі заманғы жаһандану жағдайында ұлттық мәдени бірегейлікті сақтап қалуда фольклордың, соның ішінде ертегілердің атқаратын рөлі зор. Осы орайда, ертегілердің тек әдеби мұра ғана емес, сонымен қатар халқымыздың танымдық болмысын, ойлау ерекшелігін және әлемді қабылдау моделін танытатын әмбебап тілдік таңбалар жүйесі екенін көрсету – өзекті ғылыми бағыт. Автор өз еңбегінде осы мәселелерге тиянақты түрде тоқталып, теориялық және әдістемелік тұрғыдан негіздейді.

Зерттеудің басты мақсаты – қазақ халық ертегілерінің тілдік бейнесін әлемдік контексте қарастырып, олардың жалпы адамзаттық және ұлттық-мәдени сипатын анықтау. Осы мақсатқа жету үшін мынадай міндеттер қойылған:

- Қазақ халық ертегілеріндегі дүниенің тілдік бейнесінің негізгі компоненттерін айқындау;
- Ертегілердегі концептілер мен символдық мәндер жүйесін лингвомәдени тұрғыдан талдау;
- Тарихи-мәдени контекстідегі қазақ ертегілерінің әлемдік фольклормен ұқсастықтарын немесе айырмашылықтарын зерделеу;
- Алынған зерттеу нәтижелерінің теориялық және практикалық маңыздылығын негіздеу.

Зерттеу жұмысы кіріспеден, негізгі бөлімдерден, қорытынды және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Кіріспеде зерттеудің өзектілігі, мақсаты мен міндеттері, ғылыми жаңалығы, теориялық және практикалық маңыздылығы, қорғауға ұсынылатын тұжырымдар қамтылған. Негізгі бөлімдерде теориялық ұстанымдарға сүйене отырып, қазақ халық ертегілерінің әлемдік тілдік бейнесі жан-жақты талданады. Қорытындыда алынған нәтижелер түйінделіп, негізгі ұсыныстар мен болашақ зерттеу бағыттары айқындалады.

Автор диссертациясын жазу барысында лингвомәдениеттану, этнолингвистика, фольклортану және когнитивті лингвистика салаларындағы отандық және шетелдік ғылыми еңбектерді кеңінен пайдаланып, салыстырмалы-тарихи, семантикалық, интертекстуалдық талдау әдістерін ұтымды қолданған. Зерттеу әдістемесі диссертацияның мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес дәл таңдалып, алынған нәтижелердің дәйектілігі мен сенімділігін қамтамасыз етіп отыр.

Диссертациялық жұмыс жүйелі жазылған, тарауларда келтірілген мысалдар, тұжырымдар бірін-бірі толықтырып, аша түседі. Докторант қазақ, орыс, ағылшын тілдеріндегі ғалымдардың еңбектеріне сүйенеді, пікірлерінен мысалдар келтіреді. Жалпы алғанда, «Қазақ халық ертегілерінің әлемдік тілдік бейнесі» атты докторлық диссертация тақырыптың өзектілігі мен маңызын толық ашқан, теориялық тұрғыдан негізделген және әдістемелік тұрғыдан сауатты жүргізілген еңбек екенін атап өтеміз. Ғылыми жұмыстың құрылымы логикалық жүйелікті сақтай отырып, қойылған мақсат пен міндеттерге сай орындалған. Автордың зерттеудегі аналитикалық, салыстырмалы және интерпретациялық нәтижелері қазақ және әлемдік филология саласындағы ғылыми жаңалықтарға өзінің айрықша үлесін қосады.

Диссертацияның негізгі тұжырымдарын жоғары оқу орындарында оқыту үрдісінде кеңінен қолдануға, сондай-ақ қазақ фольклоры мен тілдік мәдениетті одан әрі дамытуға мүмкіндік беретіндігі сөзсіз.

Талгат Балтабековичтың жұмысы PhD докторлық диссертация талаптарына сай. Зерттеу еңбегі академиялық тілмен жазылған, ғылыми, әдіснамалық және теориялық негіздері жақсы. Аталған жұмыс аяқталған жұмыс болып есептеледі. Диссертация зерттеу еңбектерінің кең библиографиясын қамтиды. Докторанттың қорытындылары ғылыми тұжырымдарға негізделіп, пікірлер мен ұсыныстарын нақты мысалдармен дәйектеп, білдіреді. Біздің ойымызша, ғылыми жұмысты академиялық еңбек деуге толықтай негіз бар. Сол себептен аталған диссертация жұмысы философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесіне әбден лайық және қорғауға жіберілуі тиіс деп санаймын.

/қолы бар/ /мөрі бар/
Құрметпен,
Хаджи Байрам Вели университетінің профессоры
Наджие Йылдыз